



ӨКІМ

2025 жыл 16 қазан

Сарқан қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 217-Ө

город Саркан

**Жер учаскесін немесе жер
учаскесін жалдау құқығын сату
жөніндегі сауда-саттыққа
(аукциондарға) шығарылатын
жер учаскелерінің тізімін
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы «Жер» кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскелерінің тізімі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер учаскелерін жеке меншікке, жер учаскелерінің жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықтың ұйымдастырылуын және өткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды қала әкімінің орынбасары А. Тукушевқа жүктелсін.

Қала әкімі



А. Орынбеков

000346

Сарқан қаласы әкімінің
2025 жылғы 16 қызыл
№ 217 өкіміне қосымша

2025 жылғы жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (ауықционға) шағарылатын жер учаскелерінің тізімі:

№	Атауы	Нысаналы мақсаты	Көлемі ға	Орналасқан жері	Ескертпе
1	Сарқан ауданы, Сарқан қаласы	Ғимарат құрылысын жүргізу үшін	0,4500	Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №263Ж	Жоқ.